

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 698 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 шілдедегі N 1100 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын дағдарыстан шығару жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 сәуірдегі N 698 P970698_ қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына 1997 жылдың шілдесінде "Шахтықұрылысшы" (Текелі қаласы) акционерлік қоғамы алдындағы 1996 жылдың сәуір-қыркүйек айларындағы еңбекақы бойынша несиелік берешегін өтеу үшін дәрменсіз кәсіпорындарды санациялауға көзделген республикалық бюджет қаражатының есебінен 15 млн. теңге сомасында қосымша мақсатты несиелеу жүргізілсін;

үшінші және төртінші абзацтар тиісінше төртінші және бесінші абзацтар болып есептелсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

бірінші орынбасары